

**№3 хаттама**  
**жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерінің ӘБ отырысы**  
**2026 жылғы 8 қаңтар**

Қатысқандар: 4 адам

Қатыспағандар: 1 адам

**Отырыс күн тәртібі:**

1. Оқушылардың бірінші жартыжылдықтағы білім сапасына мониторинг жүргізу
2. «Оқушыларды қорытынды аттестаттауға даярлау. Математика пәні бойынша қорытынды аттестаттаудағы күрделі сұрақтар»
3. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша мектепшілік олимпиаданың қорытындыларын талдау
4. «Математика сабақтарында әртүрлі жұмыс түрлері арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту» тақырыбындағы баяндама
5. Қалыптастырушы бағалаудың критерийлері мен қағидаттары. Кері байланыс құралдары

**Отырыс барысы:** Бірінші мәселе бойынша жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі Глотов А.В. сөз сөйледі. Ол мұғалімдерді бірінші жартыжылдықтағы оқушылардың білім сапасын талдау нәтижелерімен таныстырды. Шешім: жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттыру қажет. Екінші және үшінші мәселелер бойынша математика пәнінің мұғалімі Кенжин О.Е. баяндама жасап, оқушыларды қорытынды аттестаттауға даярлау және қорытынды аттестаттауда кездесетін қиындықтармен таныстырды. Шешім: ӘБ-нің барлық мүшелеріне 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындауға арналған материалдар әзірлеу. Төртінші мәселе бойынша математика пәнінің мұғалімі Кенжин О.Е. «Математика сабақтарында әртүрлі жұмыс түрлері арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Танымдық белсенділікті арттыру мен ерікті зейінді сақтаудың маңызды шарты — оқу қызметінің мотивациялық жағын қамтамасыз ету, меңгерілетін білімге және таным үдерісінің өзіне оң көзқарас қалыптастыру болып табылады. Бұл шартты сақтау қалыптасатын дағдылардың беріктігін қамтамасыз етеді. Қызықты деректерді, жаңа іс-әрекет түрлерін, ойын элементтері мен жарыстарды енгізу оқу материалының мазмұнына қызығушылықты арттырады. Шешім: жаратылыстану-математикалық цикл сабақтарында жаңа іс-әрекет түрлерін, ойын элементтерін қолдану, қызықты деректер келтіру, оқу материалының мазмұнына қызығушылықты арттыру мақсатында зияткерлік жарыстар ұйымдастыру. Бесінші мәселе бойынша «Қалыптастырушы бағалаудың критерийлері мен қағидаттары. Кері байланыс құралдары» тақырыбында физика пәнінің мұғалімі Глотов А.В. қатысушыларды таныстырды. Білімнің сапалы меңгерілуі мен сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекеттегі танымдық белсенділік оқу барысында қалыптасатын эмоционалдық ахуалға байланысты. Мұғалімнің жылы қарым-қатынасы, оқушыға назар аударуы, оның кішігірім жетістіктерін ынталандыруы маңызды рөл атқарады. Шешім: қалыптастырушы бағалаудың критерийлері мен қағидаттарын қолдану, кері байланыс құралдарын дамыту.

Хатшы: \_\_\_\_\_ /Қайырғалиев Е.М./